

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
2023-2024 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің  
№8 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

18 наурыз 2024 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2024 жыл 18 наурыз, сағат– 15:00

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында ұйымдастырылған сауалнама нәтижелері (Баяндамашы: Академиялық департамент директоры - А.М. Бостанова).

2. Өртүрлі мәселелер

2.1 2024-2025 оқу жылында қабылданатын білімгерлер үшін білім беру бағдарламаларының тізімін бекіту (Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев);

2.2 2023-2024 оқу жылында көктемгі аралық аттестаттау емтихандарының қабылдау нысандарын бекіту (Баяндамашы: Академиялық департамент директоры - А.М. Бостанова);

2.3 Университет ОПҚ дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту (Баяндамашылар: Факультет төрағалары);

2.4 Республикалық пәндік студенттік олимпиадасына студенттер мен жетекшіні жіберу (Баяндамашылар: Факультет декандары);

2.5 Оқу әдістемелік комитет құрамына өзгеріс енгізу туралы (Баяндамашы: ОӘК хатшысы - А.Б.Тасова).

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. ББ білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері назарға алынсын;

2. ББ білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында өткізілген сауалнама нәтижелері кафедра, факультет деңгейінде талданып,

қажетті жақсарту шешімдері қабылдансын (жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері).

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1.1 ЖББП Реестрінде тіркелген, 2023-2024 оқу жылында жаңартылмаған білім беру бағдарламалары 2024-2025 оқу жылында қабылданатын білімгерлерге ұсынылсын. Контингенті жоқ немесе аз ББ бойынша кәсіби бағдарлаудың пәрменді жұмыстары жоспарланып, жүргізілсін. (Жауаптылар фак. декандары, каф. меңгерушілері).

2.1.2 2023-2024 оқу жылында жаңартылған және жаңа әзірленген білім беру бағдарламалары төмендегі тізім бойынша бекітілсін. ЖББП Реестрінде тіркелуі қамтамасыз етілсін. Орындалу мерзімі 15.04.2024 (жауаптылар АК төрағалары, жауапты каф меңгерушілері, ӘЖҰ бөлімі).

**2024-2025 оқу жылында ББ Реестріне енгізілетін ББ тізімі  
("Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту" жобасы)**

**Бакалавриат**

№	ББ тобы	Инновациялық ББ	Қолданыстағы ББ
1	В001 Педагогика және психология	6В01101 Психология (IP)	6В01101-Педагогика және психология
2	В002 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	6В01202 Мектепке дейінгі білім беру (IP)	6В01202 -Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
3	В003 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	6В01303 Бастауыш білім беру (IP)	6В01303 -Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
4	В005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	6В01405-Дене шынықтыру және спорт (IP)	6В01405-Дене шынықтыру және спорт
5	В005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	6В01485 Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық (IP)	6В01485-Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық
6	В006 Музыка мұғалімдерін даярлау	6В01406 Музыкалық білім(IP)	6В01406-Музыкалық білім
7	В007 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	6В01478 Көркемдік білім (IP)	6В01478-Көркем еңбек және графикалық жобалау
8	В009 Математика мұғалімдерін даярлау	6В01509 Математика (IP)	6В01509 -Математика

9	В010 Физика мұғалімдерін даярлау	6В01510 Физика (IP)	6В01510 -Физика
10	В011 Информатика мұғалімдерін даярлау	6В01573 Информатика (IP)	6В01573-Информатика, АКТ және робототехника
11	В012 Химия мұғалімдерін даярлау	6В01512 Химия (IP)	6В01512 -Химия
12	В012 Химия мұғалімдерін даярлау	6В01562 Химия-Биология (IP)	6В01562 -Химия-Биология
13	В013 Биология мұғалімдерін даярлау	6В01513 Биология (IP)	6В01513 -Биология
14	В014 География мұғалімдерін даярлау	6В01514 География (IP)	6В01514- География
15	В015 Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	6В01615 Тарих және қоғамтану (IP)	6В01615-Тарих
16	В016 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	6В01716 Қазақ тілі мен әдебиеті (IP)	6В01716- Қазақ тілі мен әдебиеті
17	В017 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	6В01764 Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті(IP)	6В01717 -Орыс тілі мен әдебиеті
18	В018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау	6В01791 Ағылшын тілі (IP)	-
19	В018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау	6В01718 Шетел тілдері (ағылшын-қытай) (IP)	6В01718 -Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын қытай )
20	В018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау	6В01719 Шетел тілдері (ағылшын-түрік) (IP)	6В01719 -Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын түрік)

**Магистратура**

21	М001 Педагогика және психология	7М01161 Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	-
22	М001 Педагогика және психология	7М01162 Білім берудегі зерттеулер	-

**Қайта даярлау бағдарламасы**

23	PR001 Педагогтік қайта даярлау	PR0012 Педагогикалық білім берудің тізбектелген үлгісі	-
----	--------------------------------	--	---

	(мұғалім кәсібіне балама кіру)	
--	--------------------------------	--

**2024-2025 оқу жылында ББ Реестріне енгізілетін ББ тізімі  
Жаңа білім беру бағдарламалары**

№	ББ тобы	Жаңа ББ	Ескерту
<b>Бакалавриат</b>			
1	В037 Филология	6В02377 Филология: орыс тілі мен әдебиеті	
2	В038 Әлеуметтану	6В03190 Әлеуметтану-Дінтану	
3	В090 Туризм	6В11193 Туризм менеджменті	Қос дипломдық ББ
4	В093 Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі	6В11194 Мейрамхана және қонақ үй бизнесі	Қос дипломдық ББ
<b>Магистратура</b>			
1	М071 Мемлекеттік және жергілікті басқару	7М04139 Гендер және мемлекет саясаты	
<b>Резидентура</b>			
1	Р002 Ревматология ересектердің, балалардың	7R01133 Ересектердің, балалардың ревматологиясы	
2	Р022 Пластикалық хирургия ересектердің, балалардың	7R01132 Ересектердің, балалардың пластикалық хирургиясы	

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.2.1 2023-2024 оқу жылының көктемгі аралық аттестаттауды қабылдау түрлері бекітілсін.

2.2.2 Жазбаша емтиханның жауап парақтарын тексеру үшін біліктіліктері сол пәннің бейініне сәйкес келетін және әдеттегідей сол академиялық топта (лекте) оқыту сабақтарын өткізбеген профессорлар-оқытушылар құрамы жеткілікті болса өкіммен тағайындалсын (*Жауапты – факультет декандары*);

2.2.3 Емтихан сұрақтарының сапасына предмониторинг және емтиханның жазбаша жауап парақтарына постмониторинг жүргізілсін (*жауапты: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері, оқу-әдістемелік комитет төрағалары*);

2.2.4 Емтихан сұрақтарының сапасына предмониторинг және емтиханның жазбаша жауап парақтарына постмониторинг жүргізілсін (*жауапты: Өлшеу және бағалау секторы, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі*);

2.2.5 Кез-келген жазбаша (жоба қорғау, эссе т.б.) жұмыстар антиплагиаттан тексеруден өтуі міндеттелсін (*жауапты кафедра меңгерушілері*);

2.2.6 Сессияға басталарға дейін 20 күн қалғанда кешіктірмей емтихандардың бағдарламалық сұрақтары факультет деканымен бекітіліп сайтта жариялансын, білім алушыларға қолжетімді болсын (*жауапты: кафедра меңгерушісі*);

2.2.7 Бейнебақылаумен жабдықталған аудиторияда өтетін барлық емтихандардың бейнежазбаларының толығымен сақталуы камтамасыз етілсін (*Жауапты: Ақпараттық технологиялар департаменті*).

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.3.1 Төмендегі көрсетілген оқу құралдарын бекіту үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

Медицина факультеті, «Хирургиялық аурулар» кафедрасының доценті, м.ғ.к. М.С.Жүнісов пен оқытушы Ж.Б.Оразбаховтың «Эндовидеохирургия» II-бөлім атты оқу құралы (университет есебінен);

Филология факультеті, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының профессоры, п.ғ.д. Г.Г.Еркибаеваның «Лексикология и фразеология» атты оқулығын баспаға ұсыну (автордың өз қаражаты есебінен) және Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің жанындағы "6B017-тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау, "6B023 – тілдер мен әдебиет" білім беру саласындағы РОӘК оқу-әдістемелік комитет бірлестігі грифін алуға ұсыну (*жауапты: ОӘК хатшысы*).

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.4.1 ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастыруымен Алматы қаласы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында 2024 жылдың 2-10сәуір аралығында өтілетін XVI Республикалық пәндік студенттік олимпиадасына, 6B02122-Дәстүрлі музыка өнері мамандығы «Қыл қобыз», «Домбыра» аталымдары бойынша қатысу үшін, «Спорт және өнер» факультеті «Орындаушылық өнер» кафедрасы, 6B02122-Дәстүрлі музыка өнері мамандығының төменде көрсетілген студенттер мен жетекші бекітілсін:

«Қыл қобыз» номинациясы бойынша:

1. Фехер Богларка - 6B02122 - Дәстүрлі музыка өнері мамандығы, 4 курс;
2. Жетекші, аға-оқытушы Каумбаев Ерасыл Жолдыбаевич.

«Домбыра» номинациясы бойынша:

1. Абдираймов Алишер - 6B02122 - Дәстүрлі музыка өнері мамандығы, 3 курс;

2. Жетекші, аға-оқытушы Каумбаев Ерасыл Жолдыбаевич.

2.4.2 ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастыруымен Алматы қаласы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында 2024 жылдың 24-28 Наурыз аралығында өтілетін XVI Республикалық пәндік студенттік олимпиадасына, 6B02122-Дәстүрлі музыка өнері мамандығы «Халық әні» аталымы бойынша қатысу үшін, «Спорт және өнер» факультеті «Орындаушылық өнер» кафедрасы, 6B02122-Дәстүрлі музыка өнері мамандығынан төменде көрсетілген студент пен жетекші бекітілсін:

Абдраман Ақнұр – 6B02122-Дәстүрлі музыка өнері мамандығы, 4- курс студенті;

Жетекші: аға-оқытушы Сопбеков Сабит Оразханович

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.5 Университеттің 2023-2024 оқу жылындағы №180 бұйрығымен бекітілген Оқу-әдістемелік комитет құрамына төмендегі өзгерісті енгізу ұсынылсын:

Филология факультетінің ОӘК төрағасы – П.Адиеваның орнына М.Талдыбаеваны.

Оқу-әдістемелік комитет  
хатшысы



А.Б.Тасова